



Бекітілген

«Creative Talent Hub» ЖШС-ның
Бас директоры

Мәленов Арнур Жумаханұлы

«Creative Talent Hub» ЖШС-ның
Факультет деканы

Лизунков Сергей Вячеславович

«MUSIC FORUM BTCS» байқауының

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 «Creative Talent Hub» ЖШС - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған жалпы білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын, жалпы орта білім беретін оқу орны (бұдан әрі – «Мектеп»).

1.2 Осы ереже ІІ-ші Республикалық "BTCS музыкалық форумы" атты ашық эстрадалық ән байқауының мақсатын, ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды. (бұдан әрі – «байқау»)

1.3 Өткізу мерзімі: байқау екі турдан тұрады.

1-тур – 2025 жылғы 10 қарашадан 16 қарашаға дейін (сырттай, бейнежазба арқылы);

2-тур - 2025 жыл 29 қараша сағат 10.00-де (өткізу орны осы қағидалардың 1.3-тармағында көрсетілген).

1.4 Өткізілетін орны: Қазақстан, Астана қаласы, Бибігүл Төлегенова атындағы бірінші креатив мектебінің концерт залы (Астана қаласы, Төле би көшесі, 31).

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқау мақсаты:

- Дарынды оқушыларды анықтау және олардың шығармашылық қабілеттерін іске асыруға мүмкіндіктер беру;

- Қазақстанның вокалдық шығармашылығын танымал ету.

2.2 Байқау міндеттері:

-Қатысушыларды Қазақстан және шетел композиторларының музыкалық мәдениеті, вокалдық өнері мен ән шығармашылығымен таныстыру;

- оқушылардың музыкалық талғамының, ой-өрісінің және музыкалық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосу;

- байқау қатысушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту;

- орындаушылық шеберлігін жетілдіруге ықпал ету;

- Қатысушылар арасында шығармашылық байланыс орнату.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ ЖҮЛДЕ ҚОРИ

3.1 Байқауды ұйымдастырушы – Бибігүл Төлегенова атындағы креатив мектебі.

3.2 Байқаудың 1, 2, 3 орын иегерлеріне құнды жүлделер қарастырылған

4. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ

4.1 Байқауға музыка мектептері мен өнер мектептерінің, жалпы орта мектептердің, музыкалық студиялар мен үйірмелердің оқушылары қатысады.

4.2 Қатысушылардың жас санаттары:

А тобы 7–10 жас;

В тобы 11–14 жас;

С тобы 15–17 жас,

Қатысушының жасы байқауға қатысу кезінде мәлімделген санатқа сәйкес келуі тиіс.

4.3 Байқау эстрадалық-вокал номинациясында өткізіледі.

4.4 Өтініштер (өтініш үлгісі № 1 қосымшада көрсетілген) **2025 жылдың қазан айның 20-шы күнінен 7-ші қарашаға дейін** электрондық пошта арқылы қабылданады. Мекен-жай MusicforumBTCS@btcs.edu.kz. Барлығы бір хатпен жіберілуі тиіс:

- өтінім;

- Қатысушының туу туралы куәлігін/жеке куәлігін/паспортын сканерлеу;

- Бейнероликке белсенді сілтеме.

4.5 Іріктеу кезеңі (сырттай, бейнежазба арқылы). Әрбір қатысушы іріктеудің І турында бір нөмірді ұсынады, жалпы ұзақтығы 3,5 минуттан аспағаны жөн. Тақырып -

еркін. Қазақ композиторының әні немесе қазақтың халық әнінің эстрадалық бағытта өңделген нұсқасы құпталады.

Байқауға қатысатын бейнеролик ашық, қолжетімді болып, YouTube арнасына жүктеледі. Сілтеме өтінімде көрсетіледі. Жанды бейнежазба жоғары сапада жазылуы тиіс, «кесуге» және аудионы өңдеуге жол берілмейді. Бейнежазбаның атауында қатысушының толық аты-жөні, авторлардың, шығарманың атауы көрсетілуі тиіс.

10-шы қарашадан бастап 16 -шы қараша аралығында ұсынылған нөмірлер бағаланады және екінші турға өткен қатысушылар іріктеледі. Іріктеу турының қорытындысы бойынша II турға өткен қатысушыларға немесе жетекшісінің электрондық поштасына шақырулар жіберіледі. Екінші турға өткен қатысушылардың тізімі **18.11.2025 жылы** ұйымның ресми әлеуметтік желілерінде **btcs.edu.kz** және Instagram паракшасында **btcs.kz** сайтында жарияланады.

Екінші турға өткен қатысушылардың жалпы саны 60 адамнан артық болмауы керек.

4.6 Қатысушы II турға шақыруды алғаннан кейін MusicforumBTCS@btcs.edu.kz электрондық мекен-жайына **25.11. 2025-тен** кешіктірмей, байқаудың екінші турында көрсететін нөміріне жақсы сападағы «минус» фонограммасын жібереді, оған қатысушының тегі мен аты, әннің, автордың атауы көрсетіледі.

Сондай-ақ хатта қатысушының тегі мен аты, авторлардың және ән композициясының атауы көрсетіледі.

Екінші турда қатысушы Бибігүл Төлегенова атындағы креатив мектебінің концерт залының сахнасында (Төле би көшесі, 31) 3,5 минуттан аспайтын уақытқа созылған, кез келген автордың еркін тақырыптағы ән композициясын орындайды. Тақырып- еркін. I турдағы ән композициясын қайтадан айтуға жол берілмейді.

«Плюс» фонограммаларын қолдануға жол берілмейді. Конкурстық тыңдаулар барысында пайдаланылатын микрофондар барлық қатысушылар үшін бірдей қылып орнатылады (бақылауды конкурсты ұйымдастыру комитетінің арнайы өкілі жүзеге асырады).

Екінші тур (жеке өзі) – **29 қараша сағат 10.30-да**. Қазылар алқасы іріктеу кезеңінен өткен қатысушылардың өнерін қарайды, сондай-ақ конкурстың лауреаттары мен дипломанттарын анықтайды.

II турға өткен конкурс қатысушылары ұйымдастыру жарнасын төлеуі қажет.

Төлем түбіртегін **25 қарашаға дейін** келесі электронды мекенжайға жіберу керек:
MusicforumBTCS@btcs.edu.kz

Хатта міндетті түрде қатысушының тегі мен аты көрсетілуі тиіс.

Ұйымдастыру жарнасының мөлшері: Солистер – 15 000 теңге, дуэт, трио – 20 000 теңге

Ұйымдастыру жарнасы келесі реквизиттер бойынша BTCS шотына аударылады:

«Creative Talent Hub» ЖШС

БСН: 180440032057

ЖСК: KZ878562203145394813

«Банк ЦентрКредит» АҚ, Астана қ.

Банк БСК: KСJBKZKX

КБе: 17

Занды мекенжайы: Астана қ., Төлеби көшесі, 31

5. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

5.1 Байқауды өткізу үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндеттері:

- байқауды өткізу туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- байқаудың Ережеге сәйкес өтуін қамтамасыз ету;
- қатысушылардың барлығына бірдей жағдай жасалуын қамтамасыз ету;
- сараптама тобының (қазылар алқасының) құрамын қалыптастыру;
- қатысушылардың өнерін бағалайтын критерийлер әзірлеу;
- байқауға қатысушылардың өнер көрсету ретін анықтау;

5.2 Байқауды ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, әлеуметтік желілерде байқаудың бейнероликтерін, фотосуреттерін және басқа да материалдарын жариялауға құқылы.

5.3 Байқауды ұйымдастыру комитетінің төрағасы - Сергей Вячеславович Лизунков, Бибігүл Төлегенова атындағы креатив мектебінің музыка факультетінің деканы.

6. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

6.1 «BTCS музыкалық форумы» вокалдық байқауының қазылар алқасын Ұйымдастыру комитеті құрады және оның құрамына қазақ сахнасының белгілі әртістері, вокалдық және музыкалық өнер саласындағы білікті мамандар кіреді.

6.2 Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін 10 балдық шкала бойынша бағалайды.

6.3 Әр номерді бағалау критерийлері:

- орындаушылық шеберлік;
- музыкалық;
- интонацияның тазалығы және дыбысталу сапасы;
- тембрдің әсемдігі мен дауыс қуаты;
- сахна мәдениеті;
- музыкалық шығарманың көркемдік түсіндірмесі(траковкасы);
- репертуардың орындаушының орындаушылық мүмкіндіктеріне және жас санатына сәйкес келуі;
- орындаушының әртістік қабілеті

6.4 Балл саны тең болған жағдайда, қазылар алқасының төрағасы шешім қабылдайды.

6.5 Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және өзгертілуге жатпайды.

7. Марапаттау

7.1 Барлық қатысушыларға ұсынылған өтінімдеріне – көрсеткен өнеріне сәйкес дипломдар беріледі. Екінші турдың жеңімпаздары естелік сыйлықтарымен марапатталады.

7.2 Байқау жеңімпаздарына мынадай атақтар беріледі:

Жас санаттарының әрқайсысы бойынша байқау лауреаты (1, 2, 3 дәреже).

7.3 Байқау лауреаттары мен дипломанттарының жетекшілері де дипломдармен марапатталады.

7.4 Марапаттау рәсімі **2025 жылдың 29 қарашада** Бибігүл Төлегенова атындағы креатив мектебінің концерт залында (Төле би көшесі, 31) өтеді.

7. БАСҚА ДА ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Қатысушылар мен ілесіп жүретін жетекшілердің орналасатын орны мен тамақтануына қатысты (іссапар) шығындары жіберуші тараптың есебінен төленеді.

8.2. Ұйымдастырушылармен байланысу:

Электронды пошта: MusicforumBTCS@btcs.edu.kz

Телефон, анықтамалар үшін Whatsapp:

Байқау хатшысы: Айгерим +77023850649

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы: Сергей +7 701 438 88 75

өтінім беру

I Республикалық «Music forum BTCS» ашық эстрадалық әндер байқауына қатысу үшін

1.	Конкурсқа қатысушының толық аты-жөні / жеке төл құжатына сәйкес /	
2.	жасы /скан туу туралы куәлік/жеке төл құжаты қоса тіркеледі	
3.	қала /елді мекен/, мекеменің толық атауы (оқу орнының) контактісі	
4.	Авторлары көрсетілген бағдарлама	1 2
5.	YouTube-тегі видеороликке сілтеме /кіру мүмкіндігімен/	
6.	Жетекшінің аты-жөні /толық/, Whats App контактісі	
7.	Электронды поштасы	